

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

БЕКІТЕМІН:
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК меңгерушісі Р.С.Қаламбаева
2022 жыл

Ашық ұйымдастырылған іс – әрекеті

Мамандық түрлері!



Тәрбиеші: Сейдуалиева.Гульмира

Мамандық түрлері!

Тақырыбы: «Мамандық түрлері!»

Мақсаттары:

Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу.

«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту.

Дамытушылық: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс: Мамандық - профессия

Көрнекіліктер: тақырыптың суреттері, мамандық иелерінің құралдары мен киімдері, ойынға қажетті суреттер.

Балалар шаттық шеңберге тұрады

Үлкенге де сіз

Кішіге де сіз

Баршаңызды құрметтеп

Бас иеміз біз.



- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? (көктем)

- Көктем мезгілінде неше ай бар? (үш ай)

Көктем айларын атайықшы?(Наурыз,Сәуір,Мамыр)

Балалар, бүгінгі ашық іс - әрекетіміздің тақырыбы «Мамандық түрлері» деп аталады.

Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.

Барлық мамандар өмірде өте қажет екен. Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен кездесесіңдер?

- Балалар бізге білім патшалығынан хат келіпті, хатты ашып көрейік бізге не жіберіпті?

Хатта түрлі жұмбақтар, тапсырмалар бар екен, осы жұмбақтарды шешсек біз бүгін барлық мамандық түрлерімен жақынырақ танысатын боламыз.

Ендеше жұмбақты жасырайын:

Сауықтырар сырқатты,

Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)

- Өте жаксы, Рауан бізде дәрігер болады.



Кішкене әлі баламын,
Таудай болар талабым.
Ақ халатты абзал жан,
Мен дәрігер боламын.

- Балалар қанеки 1 - 2 бала шығып, дәрігеріміз Рауаннан ем қабылдайық.
- Рахмет.

- Келесі жұмбақ:

Бал татыған мәзір

Ол бар жерде әзір.. (Аспаз)

- Біздің бүгінгі аспазымыз Айзере:



Дәмді тамақ пісіріп
Өнерлі бала боламын
Халқым сүйген ардақты
Мен аспазшы боламын.

- Қанеки тағы 2 бала шығып біздің аспазымыздың қолынан дәм татайық. -

Келесі жұмбақ

Тәртіп заңды сақтайды

Ел сенімін ақтайды?

(Полиция)

Олай болса Ердәулетті шақырайық.
Ала таяқ ұстаған

Жол тәртібін нұсқаған

Мен полиция боламын.

Ортаға шығып жол ережесімен таныстырады

Келесі жұмбақ:

Тыныштығын отанның

Күзететін адам кім? (солдат)



Біздің арамызда ел қорғаны болам деп Омар отыр екен. Олай болса Омарды ортаға шақырайық.

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш

Шынығамын таңертен

Ағалардай мен ертең

Солдат болам мен ертең.

Жарайсындар балалар сергіп алдықба, олай болса соңғы жұмбақты жасырайын.



Дүкенге сен келесің

Ойыншық, тәтті аласың

Ал, балалар кім айтады

Осыны кімнен аласың? (сатушы)

Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерінің құралдары»

Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.

- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстындар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

1 Мен суретші боламын

Бәріңді де саламын

Марапатқа ие болып

Бірінші орын аламын Раяна

2 Ал, мен ақын боламын

Өлеңдерді жазамын

Ақындыққа ие болып


Бәрінен озып шығамын. Анелья

Қанекей 2-3ұл ортаға шығып Омардың бұйрығын орындап, болашақта сарбаз болатынымызды дәлелдейік.

Мектептің жүрегі,

Білімнің тірегі. (Мұғалім)

- Өте жақсы, олай болса бүгін бізде Мөлдір мұғалім болады.



Жақсы оқып сабақты

Білім алып толамын

Бөбектерді оқытар

Мен мұғалім боламын!

(Мөлдір мұғалім болып, балаларды сергіту сәтіне шақырады)

Сергіту сәті:

Қана қане тұрайық

Ұшқыш болып ұшайық

Тігіншіге ұқсайық

Дөңгеленіп би билеп

Бишілерге ұқсайық.